

*Бексеитова Ақбота Тастанбекқызы*¹*

¹т.ғ.к. қауымдастырылған профессор, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Қазақстан, Көкшетау қ. E-mail: bekseit.at@mail.ru

XIX ғ. соңғы ширегі – XX ғ. басындағы Ақмола облысы халқының құрамы, әлеуметтік-демографиялық жағдайы туралы тарихи-статистикалық мәліметтер

Аңдатпа

Мақалада XIX ғасырдың 2-ші жартысы – XX ғасырдың басында патша өкіметінің Ресейдің ішкі губернияларынан шаруаларды қазақ даласына, оның ішінде Ақмола облысының аумағына қоныстандыруының барысы, оның қазақ даласын отарлау тарихындағы ең маңызды және күрделі кезеңдердің бірі болғандығына арналады. Соның ішінде, этностық топтардың Қазақ жерін қоныстануының тарихи кезеңдеріне және барысына айрықша назар аударылған. Мақалада демографиялық өзгерістер, этностардың этникалық тарихы, орналасуы жөніндегі зерттеулер мен деректерге салыстырмалы талдаулар жасалған. Зерттеудегі көздеген мақсатты іске асыруда Қазақ даласына, соның ішінде Ақмола облысының аумағына басқа ұлт өкілдерін қоныстандыруға байланысты жазылған ғылыми еңбектер мен материалдар пайдаланылып, тұжырымдамалар жасалды. Сонымен аталған тақырыпты зерделеу нәтижесі патша өкіметінің қазақ даласын отарлау барысында дала өлкесі халқы саны жағынан көбейіп, жергілікті халық саны азайып, халықтың полиэтникалық және поликонфессионалдық құрамы қалыптасуының барысы мен тарихына айқындық енгізуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: отарлау, әскери отарлау, көші-қон ағыны, жер қатынастары, тарихи-этникалық фактор, этнодемографиялық бейне, этносаралық қатынастар

*Бексеитова Ақбота Тастанбековна*¹*

¹к. и. н. ассоциированный профессор, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Казахстан, г. Кокшетау E-mail: bekseit.at@mail.ru

ИСТОРИКО-СТАТИСТИЧЕСКИЕ ДАННЫЕ О СОСТАВЕ, СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОМ ПОЛОЖЕНИИ НАСЕЛЕНИЯ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ ЗА ПОСЛЕДНЮЮ ЧЕТВЕРТЬ XIX-НАЧАЛО XX В.

Аннотация

Статья посвящена ходу переселения царской властью крестьян из внутренних губерний России во 2-й половине XIX – начале XX веков в казахскую степь, в том числе на территорию Акмолинской области, что стало одним из самых важных и сложных периодов в истории колонизации казахской степи. В частности, особое внимание уделено историческим периодам и течению заселения казахских земель этническими группами. В статье сделан сравнительный анализ исследований и данных по демографическим изменениям, этнической истории, местонахождению этнических групп. В реализации намеченной цели исследования были использованы научные труды и материалы связанные с переселением представителей других национальностей в казахские степи, в том числе на территорию Акмолинской области. Таким образом, результаты изучения данной темы позволяют внести ясность в ход и историю формирования полиэтнического и поликонфессионального состава населения Степного края в ходе колонизации казахской степи царской властью, с увеличением численности населения Степного края, сокращением местного населения.

Ключевые слова: колонизация, военная колонизация, миграционный поток, земельные отношения, историко-этнический фактор, этнодемографический образ, межэтнические отношения

*Bekseitova Akbota Tastanbekovna *¹*

*¹Ph.D. Associate Professor, Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kazakhstan,
Kokshetau*

E-mail: bekseit.at@mail.ru

HISTORICAL AND STATISTICAL DATA ON THE COMPOSITION, SOCIO- DEMOGRAPHIC SITUATION OF THE POPULATION OF THE AKMOLA REGION FOR THE LAST QUARTER OF THE XIX-EARLY XX CENTURY

Abstract

The 2nd half of the XIX-early XX centuries will be devoted to the course of the resettlement of peasants from the inner provinces of Russia to the Kazakh steppe, including the territory of the Akmola region, which was one of the most important and difficult periods in the history of the colonization of the Kazakh steppe. In particular, special attention is paid to the historical stages and course of settlement of the Kazakh land by ethnic groups. The article provides comparative analysis of research and data on demographic changes, ethnic history, location of ethnic groups. In the implementation of the goal of the study, scientific works and materials related to the resettlement of representatives of other nationalities in the Kazakh steppes, including in the territory of Akmola region, were used, concepts were developed. Thus, the results of the study of this topic will allow us to clarify the course and history of the formation of polyethnic and polyconfessional composition of the population, increasing in terms of the population of the steppe region during the colonization of the Kazakh steppe by the Tsarist authorities.

Keywords: colonization, military colonization, migration flow, land relations, historical and ethnic factor, ethnodemographic image, interethnic relations

Кіріспе. Отандық тарих ғылымында қазақ даласын басқа ұлт өкілдерінің қоныстану тарихын, әсіресе, еліміздің солтүстік өңірі халқының полиэтникалық құрамының қалыптасуын зерттеу өзектілігін жоймаған мәселе болып саналады. Еліміздің солтүстік облыстарының көпэтносты құрамы демократияның одан әрі дамуына мүмкіндік беретін артықшылық болуымен қатар, әртүрлі этникалық ерекшеліктер негізінде туындайтын мәселелер болып тұратын, әсіресе, кейінгі кезде әлемде болып жатқан геосаяси оқиғалар жағдайында ерекше көңіл бөлінетін мәселе екендігі белгілі. Қоғамымыздағы ішкі саяси тұрақтылық этнос өкілдерінің өзара іс-қимылдарының бірегей құбылысының нәтижесі болып есептеледі. Елімізде өмір сүріп жатқан этностардың сан қырлы этникалық ерекшеліктері - өзіндік тарихы, тілі мен діні, дәстүрлері бар. Әлемде жүріп жатқан жаһандану үрдісі жағдайында әр ұлттың өз мәдениетінің ерекшелігін сақтап қалуға, өзінің этникалық бірегейлігін сезінуге құштарлық туындайды. Мысалы, КСРО-ның ыдырауы нәтижесінде пайда болған жаңа тәуелсіз мемлекеттердің көпшілігі өздерін көп ұлтты мемлекет ретінде әйгіледі. Сонымен қатар, олардың көпшілігінде аймақтық бірегейлік маңызды рөл атқарады, олар аймақтан аймаққа өте ерекшеленеді. Сондықтан жаңа тәуелсіз мемлекеттер бір мезгілде екі міндетті шешуге тиіс –біріншіден, біртұтас этностық бірегейлік негізінде титулдық топты топтастыру, екіншіден, барлық азаматтар үшін ортақ жаңа саяси бірегейлікті нығайту. Осыған байланысты Ақмола облысына қоныстандырылған этнос өкілдерінің тарихи-этникалық болмысын, тарихи тағдырын, көшіп-қонуының негізгі факторларын, басқа ортаға бейімделуін, этникалық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан зерттеу қажеттігі арта түсуде. Мақалада көші-қон ағыны салдарынан Ақмола облысында қалыптасқан полиэтникалық құрылымның қалыптасу тарихы деректермен айшықтала отырып, зерделенді.

Материалдар мен методология. Мақала методологиялық жағынан ғылыми жүйелілікке, салыстырмалы талдауға негізделіп, қазақстандық және ресейлік ғалымдардың ғылыми зерттеулері мен монографияларына сүйене отырып жазылды. Этнос тарихына қатысты зерттеулер мен деректер мәселесіне тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде талдау жүргізілді. Этностардың демографиялық ахуалын талдауда архивтік құжаттардан алынған материалдар мен статистикалық деректер кеңінен пайдаланылды. Мақалада зерттеулер хронологиялық және тақырыптық жүйеде топтастырылып, этностық топтардың әлеуметтік құрылысы, тілдік, мәдени, діни ерекшеліктері теориялық-әдіснамалық жағынан талданып, отарлау үдерісінің сипаты, оның геосаяси себеп-салдары жаңа концептуалдық (тұжырымдамалық) деңгейде қарастырылды.

Бақылау және талқылау. Отандық тарих ғылымында өзекті мәселенің бірі –Қазақстанның солтүстік аумағында халықтың полиэтникалық құрамының қалыптасуы, патшалық Ресейдің отарлау саясатының тарихи сабақтарын зерттеп-зерделеу. Тәуелсіздік жылдары. ғылыми

зерттеулердің методологиясы өзгертіліп, кеңестік билік тұсындағы зерттелген мәселелер қайта қарастырылып, тарих ғылымында жаңа пайымдаулар, тың тұжырымдар жасалды, және жаңа ізденістермен өз жалғастығын табуда.

Бұл бағыттағы ғылыми ізденістер қатарында бұрын белгісіз болып келген фактілер мен құжаттарды пайдалана отырып, жаңа көзқарас тұрғысынан сараланған еңбектер айрықша орын алады. "XVII-XIX ғасырлардағы Еуразиядағы орыстар. Көші-қон және шетелдік ортадағы әлеуметтік-мәдени бейімделу" кітабын [1]. Ресей халықтарының тарихы және Ресей Ғылым Академиясының орыс тарихы институтының этносаралық қатынастар орталығының қызметкерлері жазған. Жұмыста XIX ғасырларда оның құрамына кірген Ресей мен империяның аймақтары қарастырылады. Орыстардың әртүрлі аймақтарға қоныс аудару жолдары мен жағдайлары көрсетілген, мигранттардың жаңа жағдайларға әлеуметтік-мәдени бейімделуінің заңдылықтары мен қиындықтары талданған, этносаралық қатынастар демографиялық тұрғыдан сипатталған, аймақтардағы этносаралық байланыстардың ерекшеліктері мен қақтығыстардың бастаулары қарастырылған.

Ресей отарлаушылары Қазақ даласы мен Түркістан өлкесін отарлау кезінде басты қарсылық мұсылман діні тарапынан туындайтынын жақсы білді. Ол үшін, мұсылман дінін әлсірету жолдарын қарастырды. Тарих ғылымдарының докторы, профессор С.Мәшімбаев рухани отарлауды зерттей келе: «Отарлаушылар ислам діні шын мәнінде ұлттық тұтастықты ұстап тұратын ғаламат күш екенін түсінді [2]. Дінсіздік – сананы мәңгүрттікке әкеліп, жат өркениетке бас иігізіп, мәдени-рухани ассимиляцияға ұшыратып, надандыққа қалдырып, халықты ұлтсыздыққа душар ететін өте қауіпті дерт екенін жақсы білді. Міне, осыдан Ресейдің шоқындыру мен орыстандыру саясатын қалыптастырудағы басты мақсаты осындай болды» деп жазады [3].

"Қазақия қалай отарланды?" атты Б. Қайратұлының [4] кітабы осы тақырыпты зерттеген ғалымдардың еңбектерінің негізінде жиналған ақпараттарды саралай отырып, орыс отарлығының үш ғасырлық оқиғалар желісін топтастырып, уақыттық және мазмұндық тақырыптарға бөліп, отарлаушы елдің стратегиясын мен тактикасын қарастыруға арналған.

Ресей ғалымдары А.В. Ремнев пен Н.Г. Суворованың "Ресейлік Азияны отарлау: XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы империялық және ұлттық сценарийлер" атты бірлескен монографиясында [5] авторлар самодержавиенің Сібірді отарлау саясатын, аймақта орыс шаруаларын орналастырумен байланысты мекемелердің, қоныс аудару бөлімдерінің құрылуын сипаттайды. Сонымен қатар, қоныс аударушы халық әсерінен «бұратана» халық арасындағы рухани саладағы өзгерістерге де, әсіресе, христиандандыру және орыстандыру арқылы жергілікті халықтың рухани өміріне әсер етудің байырғы тұрғындар арасында наразылық туғызғанына назар аударылады. Қоныс аударушылардың рухани қажеттіліктеріне назар аудармау олардың арасында күтпеген проблемалар туындатты, олардың экономикалық жағдайына ғана емес, діни-адамгершілік жағдайына да назар аударуға мәжбүр етті. Орыс адамы әдеттегі әлеуметтік-мәдени ортадан алшақтап, жергілікті халықтың ықпалына оңай түсіп, орыс әлемімен байланысын жоғалтуы мүмкін деген алаңдаушылық күшейгеніне тоқталады. Орталыққа шет аймақтардан келіп түскен губернаторлардың есептері шаруалардың ақыл-ой және моральдық қасиеттерінің төмендігі, діни қызметкерлер священниктердің жетіспеушілігі, олардың төмен материалдық жағдайы мен халық арасында беделінің жоқтығы, шіркеулер мен мектептердің жетіспеушілігі, керісінше, арақ-шарап ішетін орындары кабактардың көптігі туралы шағымдарға толы болғандығын көрсетеді. «Қазақстанның жаңа тарихы: Тұрақты Қазақстан» атты Б.Ғ. Аяғанның ғалымдармен бірігіп шығарған еңбегінде [6] қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістері, этносаралық және көпконфессиялы жетістіктері зерделеніп талданды. Ғ.М. Қарасаевтың зерттеуінде [7] Алтай аймағының Ресей иелігіне өту себептері қарастырылып, осы отарлаудың жергілікті халыққа тигізген саяси-әлеуметтік зардаптарына талдау жасалды. 2009 жылы жазылған «Этносы Акмолинского Приишимья: история и современность» еңбегінде [8]. Есіл бойы аймағының этникалық әртүрлілігінің пайда болу тарихы мен қазіргі жағдайы зерттеліп, бұрын қолданыста болмаған дереккөздер негізінде Елорда тарихы, этникалық компоненттері жүйелі түрде берілген.

Бұл ғылыми-зерттеулерде Қазақстанның полиэтникалық қоғамға айналу үдерісінің тарихи кезеңдері: Ресей империясының отаршылдығы дәуірі қамтылған. Көші-қон ағыны нәтижесінде қазақ қоғамында қалыптасқан полиэтникалық құрылым сипатталған. Мақалада осы зерттеулерді пайдалана отырып, Ресей патшалығы тұсында солтүстік Қазақстан, соның ішінде Ақмола өңірінің этностық біртектіліктен көп ұлтты елге айналғаны қарастырылады.

Ақмола облысына халықты қоныстандыру қазақ даласын отарлау тарихындағы ең маңызды және күрделі кезеңдердің бірі. Патша өкіметінің қазақ даласын отарлау барысында екі кезеңді ажыратып көрсетуге болады:

- 1) өлкеде ерікті отарлаушылардың пайда болуы;
- 2) олардың ізімен үкіметтік әскерлердің келуі.

Ерікті отарлауды мұнда ауыр тіршілік жағдайынан қашып немесе оңай табыс табуды көздеп келген шаруалар, әр түрлі қылмыс жасап, жазадан қашқан қылмыскерлер, сектанттар мен түрлі топтар жүргізді. Өз еркімен келгендер, әсіресе, оңтүстік Орал мен қазақ өлкесінің солтүстік-шығыс бөлігіне қоныстанды. XVII және XVIII ғасырларда бұл аймақтарда ерікті қоныстанушылардың саны мыңдап саналды [9].

1713 жылы Сібір генерал-губернаторы князь Гагарин I Петр патшаға Ертіс өзені бойында бірқатар бекіністер тұрғызу мүмкіндігі туралы мәлімдеді. Бұл мақсатты жүзеге асыруға 1715 жылы Бухгольц басқарған 3 000-ға жуық адамнан жасақталған экспедиция аттандырылды. Экспедиция Ямышев көлінің жағасында бекініс тұрғызуды бастады, алайда, жоңғарлардың қоршауында қалып, үлкен шығынға ұшырағаннан кейін Омь өзенінің сағасына қарай шегінді. 1716 жылы Омь өзенінің сол жақ қыратты жағалауында Омбы қаласының (әскери бекінісінің) негізі қаланды. Келесі жылдары орыстардың Ертіс бойын иеленуге ұмтылуы жүзеге асырыла бастады: жоңғарлар Ямышев көлінің маңындағы бекіністі және Семей бекінісін (1718 жылы) тұрғызуға рұқсат етті. 1720 жылы Лихарев басқарған 440 адамнан құралған, зеңбіректермен қаруланған жасақ Зайсан көлі мен Қара Ертіске дейін барды; қайтып келе жатқан жолында олар Өскемен бекінісін тұрғызды [10].

Орыс билігін күшейту үшін жер аударылғандарды Ямышев бекінісіне тұрақты орналастыру және Жоңғариямен, Тибетпен және Қытаймен сауда қатынастарын жүргізу туралы жарлық шығарылды. XVIII ғасырдың 30–40-шы жылдары Жоңғарияның күшеюі орыстардың алға қарай жылжуын уақытша тоқтатып, оларды шекараны нығайтуға назар аударуға мәжбүр етті. 1745 жылы орыс үкіметі жаяу және атты әскерлердің бес полкін шекараны күзету үшін және жаңа бекіністер тұрғызу үшін аттандырды. Осы уақытан бастап өлкені қарқынды түрде әскери отарлау мен орыс шекарасының оңтүстік бағытта дала өлкесіне қарай біртіндеп кеңеюі басталды.

1752 жылы генерал Киндерман Есіл өзенінің бойында Әулие Петр және Павел бекінісін тұрғызып, кейін оның атауы Петропавл болып өзгертілгені белгілі. Алайда, одан бұрын дала өлкесінің солтүстік және солтүстік-шығыс шекарасы бойымен ұзындығы 720 верстаға созылған бекіністер, форпостар мен редуттар шебі (2 алтыбұрышты бекініс, 9 төртбұрышты бекініс, 33 редут және 42 маяк) салынды. Оларда 3 642 адам тұрды. Бекіністердің тұрғызылған орны тұзды көлдердің тізбегіне жақын орналасқандықтан, Горькая шебі деген атауға ие болды. Бұл шеп Омбы бекінісін батысқа қарай Орынбор әскери қоныстар шебімен және Ертіс өзені бойымен оңтүстік-шығыс бағытта Семей бекінісімен байланыстыру үшін салынды.

Қазақ даласындағы көшпелілердің XVIII ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап Ресей бодандығына өте бастағаны белгілі. XIX ғасырдың басында патша өкіметі Омбы, Петропавл, Семей және т. б. қалаларда жергілікті отырықшы халықты қалыптастыруға тырысты. Осы мақсатпен 1808 жылы жергілікті желілік линиялық қазақ әскері құрылып, жермен, жалақымен және азық-түлікпен қамтамасыз етілді. Осы кезден бастап қазақ даласын отарлау ісі патша үкіметі тарапынан ең маңызды міндеттердің біріне айналды. Атап айтқанда, халықты қоныстандыру үшін 1824 жылы Көкшетау округі, 1832 жылы Ақмола округі және 1839 жылы Атбасар округі ашылды.

Қазақ даласына шаруаларды қоныстандыру саясаты 1846-1850 жж., Орынбор және Саратов губернияларынан шақыртылған орыс казактары мен шаруаларын дала өлкесіне қоныстандыруға арналған үкімет бұйрығы шыққаннан кейін жүйелі сипат алды. Шақыртылған шаруалар мен казактар, барлығы 3 852 адам, Ақмола облысына келген алғашқы қоныстанушылар болды. Олар Көкшетау уезіндегі егіншілікке жарамды ең жақсы жерлерді иеленіп, мұнда бай және халқы көп станицаларды құрды. Осыдан кейін Ақмола және Атбасар уездерінде бір уақытта дерлік екі казак станицасы құрылды және осы уақыттан бастап отарлау ісі жоспарлы түрде әрі жылдам жүргізілді. Ақмола облысының құрылуы қарсаңында оның сол кездегі аумағында халық саны 375 370 адамға, оның ішінде отырықшы халық 101 910 адамға жетті. Отырықшы халықтың уездер бойынша орналасуы келесі кестеде берілген:

Кесте 5

Уездер	Елді мекендер саны		Отырықшы халық саны		
	қалалар	қоныстар	Қалаларда	Қоныстарда	Барлығы

		казак қоныстары	шаруа қоныс- тары		казак қоныс- тарында	шаруа қоныс- тарында	
Омбы	1	27	–	28 505	13 683	–	42 188
Петропавл	1	44	–	9 604	25 829	–	35 488
Көкшетау	1	15	–	1 685	16 593	–	18 278
Атбасар	1	1	–	939	–	–	939
Ақмола	1	1	–	5 072	–	–	5 072
Барлығы:	5	88	–	45 805	56 105	–	101 0

[11]

Кестеде көрсетілгендей, 1850-ші жылдардың аяғына дейін облыс аумағында бірде-бір шаруа қонысы пайда болмаған және отарлаушылар ретінде толығымен казактар ғана рөл атқарды. Бірақ, 1870-ші жылдардан бастап өлкені отарлаушылар рөлі қоныстанушы шаруаларға ауысты.

Отырықшы халықтың саны ең алдымен қоныс аударушы шаруалардың есебінен, одан кейін Омбы және Петропавл қалаларында халықтың өсуі есебінен ұлғайды.

Облыс халқының жалпы өсімінің ең көп бөлігі, атап айтқанда 61 537 адам Көкшетау уезінің үлесіне тиді. Оның себебі, Көкшетау уезінің табиғи жағдайы жағынан отарлау үшін қолайлы болуында. Петропавл уезінде де халықтың күрт өскені байқалды, мұны қоныс аударушыларға арналған мекендердің салынып, оларға шаруаларды көшіріп әкелумен түсіндіруге болады.

1861 жылы Ресейде шаруалардың басыбайлық құқығы жойылғаннан кейін крепостной шаруаны қанап езуге үйреніп қалған помещиктер жұмыс күшіне мұқтаж болып, шаруалардың аяғына тұсау салуға түрлі шараларды қолданды. Өкімет те, помещиктер де шаруаларды басқа жаққа жіберуге ықыластары болмады. 1860-1890 жылдары Петропавл және Көкшетау уездеріне қоныстанушылардың барлығы 2 140 жанұясы, 13 000-дай адам келгеніне қарап, олардың аса көп келмегенін байқаймыз[12].

Бірақ, Ресейде капиталистік қатынастар дамыған сайын өкімет қоныстандыру саясатын күшейтті. XIX-XX ғасырлар тоғысында Ресейдің еуропалық бөлігінде жер қатынастарының айтарлықтай шиеленісе түсуі ондағы кең көлемдегі аграрлық дағдарысты туындатты. Мемлекеттің белсенді түрде жағдай жасауы арқасында шаруаларды көп қоныстанған оңтүстік-батыс пен орталық губерниялардан империяның шеткі оңтүстік-шығысына қоныстандыру арқылы аграрлық қайшылықтарды экстенсивті жолмен шешіп, патшалық самодержавие өзінің помещиктік жерге қожалық етуін сақтап қалуға тырысты. Қоныстандыру саясатының алдыңғы кезеңінде мемлекеттік билік әр түрлі көтермелеу шаралары арқылы көмек көрсетіп, азды-көпті жағдайы бар, жаңадан көшіп барған жерлерінде егін шаруашылығын оңалта алатын отбасыларды ғана қоныстандырса, ендігі кезекте XX ғасырдың басынан қоныс аудару құқығына мүлтік жағдайына қарамастан барлығы дерлік ие болды.

XIX ғасырдың соңына дейін далалық Қазақстан мен Түркістан өлкесі қоныстану үшін ресми түрде жабық болатын. Қоныстану өз бетінше жүрді, ал өңірдің қандай да бір әкімшілік аймақтарына қоныс аударғысы келгендер алдын-ала жергілікті әкімшіліктен арнайы рұқсат қағазын алулары тиіс еді.

Ақмола облысы өзінің тарихи, географиялық және этнографиялық жағдайына байланысты шаруалардың Сібірге қарай қоныс аударуының бірінші кезеңінде, ұлан-байтақ Батыс Сібір жазығының отарланушы аудандарының ішінде маңызды рөл атқарды.

Шындығында, Ақмола облысына шаруалардың қоныс аударуы 1870-ші жж. 2-ші жартысында басталғанымен, облыс аумағы ұзақ уақыт бойы қоныстану үшін жабық болып келді. Алайда, 1889 жылы 13 шілдеде «Село тұрғындары мен мешандардың қазыналық жерлерге өз еркімен қоныс аударуы туралы» заң шыққанға дейін-ақ орыс шаруалары көп жағдайда өз еріктерімен келіп қоныстанып отырған. Мәселен, 1866 жылдың өзінде-ақ Көкшетау уезіндегі Саумалкөл маңында Пермь және Тобыл губернияларынан келген шаруалар қоныс тепкен кішігірім елді мекен пайда болып, төрт жылдың ішінде ондағы үй саны 50-ге жетті. Кейін, 1884 жылы өздігінен көшіп келгендер тағы екі қоныс: Петропавл уезінде орналасқан Явленное және Көкшетау уезінде орналасқан Құндықкөл елді мекендерін құрды [13]

Өлкеге өз еркімен алғаш қоныстанушылар көп жағдайда Сібірдің әр түрлі қалаларынан келген мешандар, ал ең бастысы Тобыл губерниясының Ақмола облысымен жапсарлас жатқан Қорған және Есіл уездерінен келген шаруалар болды. Әдетте, Ақмола облысына қоныс аударуды көздегендер мұнда алдымен арнайы адамдарды – ходоктарды жіберетін. Бұл адамдар ыңғайлы жерлерді қарастырып, қазақтардан кішігірім жер телімдерін аздаған ақыға жалға алып отырды немесе

олардың рұқсатынсыз-ақ өңдей бастады. Жалға алынған немесе басып алынған жерлерде үй-жайлар салынды, егін егілді. Жердің құнарлығына көздері жеткеннен кейін олар бұл жерлерді ұзақ мерзімге заңдық актілерімен бекітіп алып, жерлестерін немесе басқа да орыс қоныстанушыларын өздеріне шақыра бастады. Бірте-бірте бұл иеліктер орыс шаруаларының бірнеше үйлерден тұратын кішігірім елді мекендеріне айналды. Уақыт өте келе олардан жергілікті қазақтардың қарсылық көрсетуіне қарамастан, тұтас селолар өсіп шықты. Қазақ даласында орыс шаруаларының қоныстарын құруға алғаш ресми рұқсат берілгенге дейін-ақ (1879 жылы) Ақмола облысында өз еркімен қоныстанушылардың 317 жанұясы тұрып жатты.

XIX ғасырдың 70-ші жылдарында Қазақ даласын орыс отарлауының жағдайы Батыс Сібір генерал-губернаторы Казнаковтың 1875 жылғы есебінде былай суреттелген: «Дала облыстарының жағдайы ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Қазақтардың орыс бодандығын қабылдаған уақыттан бері олардың азаматтығында жасалған табыстар өте аз. Олардың егіншілікке көшуге әрекеттері қытай үкіметі енгізген деңгейде ғана қалып отыр. Егер қазақтар орыс халқынан алыста, өздерінің бос жатқан кең даласында көшіп-қонуды жалғастыра берсе, олардың Ресей қоластындағы бодандығы тек сөз жүзінде және санақ бойынша ғана қала бермек. Қазақтармен көршілес бекіністер шебінде тұратын қазақтар саны жағынан аз болғандықтан, бұл істе пайдасы шамалы, олардың өздері қазақша сөйлеуді үйреніп, көшпелі халықтың бірқатар әдеттерін қабылдап алған». Қазақ даласын таза жер өңдеуші элемент – шаруалармен қоныстандыру қажеттілігі жөнінде мәселені көтере отырып, генерал-губернатор Казнаков отарлаудың жаңа кезеңі үшін ауқымды міндеттер қойды және оның негізгі принциптерін айқындап берді. Бұл жөнінде ол: «көшпелі халықты ығыстырмай, абайлап, отырықшы халықты дала өлкесіне ішкерілей енгізу, орыс халқының қазақтармен өзара қарым-қатынастарын жиілету – осынау жартылай жабайы халықтың мінез-құлқын жұмсартудың және әл-ауқатын көтерудің жалғыз тәсілі болып табылады», – деді [14].

Қазақ өлкесін отарлаудың бұл жолы орталық билік тарапынан қолдауға ие болды. Сондықтан, қазақ жерлерінде негізінен почта және сауда жолдары бойында орналасатын орыс елді мекендерін құру туралы шешім қабылданды. Өйткені, бұл сауда көліктерінің қозғалысына ыңғайлы, ал жаңадан құрылатын қоныстарда егіншіліктің дамуы астықтың арзандауына және көшпелілердің өмірінің жақсаруына жағдай туғызады деп түсіндірілді. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін Батыс Сібір басқармасы жанынан дала өлкесін отарлау тәртібі туралы ережені жасап шығаратын ерекше комиссия құрылды. Қоныс аударушылар толқыны негізінен Көкшетау, Атбасар және Ақмола уездеріне қарай ағылды. Есіл өзені бойындағы жерлер егін шаруашылығы үшін өте қолайлы, шабындығы мен қайыңды ормандары мол, өзен салалары мен көлдерінде балық көп кездесетін жерлер еді. Сондықтан, бұл жерлерге шаруалар көптеп қоныстанып, нәтижесінде Явленное (2 633 тұрғыны бар), Коноваловское (2 393 тұрғын), Маринское (3 175 тұрғын) сияқты ауқатты селолар пайда болды [15].

Ақмола және Атбасар уездеріне негізінен далалық ішкі губерниялар: Самара, Воронеж, Харьков губернияларынан және Дон облысынан қоныс аударған шаруалар келді. Бұны Ақмола және Атбасар уездерінің далалық губерниялар халқы ғана тіршілік ету үшін бейімделе алатын, орман-тоғайы жоқ дала аймағы болуымен түсіндіруге болады.

1889 жылы 13 шілдеде Мемлекеттік Кеңестің аса маңызды шешімі қабылданып, соған сәйкес шаруалардың қазақ даласына қоныс аударуының жаңа кезеңі басталды. Өйткені, бұл заң бойынша Ақмола облысы шаруалардың бос жатқан қазыналық жерлерге өз еркімен қоныстануына рұқсат берілген аймақтардың қатарына енгізілді. Осының нәтижесінде отарлау қозғалысының ауқымы айтарлықтай кеңейе түсті, атап айтқанда, 1889 жылдың басында облыста 8 352 адам тұратын 19 шаруа елді мекендері болса, сол жылдың аяғында облыста 24 шаруа қоныстары, ал олардағы халық саны 11 740 адамға жетті. 1890 жылдың мамыр айында Орынбор арқылы Ақмола облысына 905 жанұя, оның ішінде 810 жанұя Самара губерниясынан, барлығы 5 326 адам келді. 1890 жылы қоныс аударушылар легінің көп болғаны соншалық, күзге қарай Ресейдің еуропалық бөлігінің 32 губерниясынан Ақмола облысына жер алуды көздеп келген 15 000-нан астам шаруалар шоғырланды. 1891 жылы Еуропалық Ресейдің, Орал бойы мен Батыс Сібірдің көп бөлігін қамтыған ауыр қуаңшылықтың салдарынан шаруалардың қалың легі Ақмола облысының жері арқылы Томск губерниясының Барнаул округіне, сондай-ақ Семей облысына қарай жаппай көше бастады. Бірақ, күз мезгілі болуы себепті олардың айтарлықтай бөлігі Көкшетау, Атбасар және Ақмола уездерінде, Перопавл және Омбы қалаларында, жол бойындағы казак станицалары мен поселкелерінде қыстап қалды. Ақмола облысында қыстап қалуға мәжбүр болған қоныс аударушылардың жалпы саны 7 000 адамға дейін жеткен. Аса қажеттіліктен туындаған бұл қоныс аудару 1892 жылы да тоқтамады және қарастырылып отырған кезеңде ешқайда жайластырылмаған 4 390 адамнан тұратын 915 шаруа

жанұясы Ақмола облысында қалып қойды. Осыған байланысты, қалып қойған шаруалардың ауыр жағдайы ескеріле отырып, 1892 жылы 26 наурызда және 23 сәуірде олардың Ақмола облысының аумағындағы бос жатқан қазыналық жерлерге орналасуына үкімет тарапынан рұқсат етілді. Сонымен қатар, жерге тұқым сеуіп, үй салулары үшін оларға қоныс аудару қорынан несиелер мен жәрдемақылар берілді [16].

Транссібір темір жолының салынуы (1891-1905 жж.) қоныс аударушыларды жеткізу үшін қажет материалдық инфрақұрылымды жасап берді [17]

1893 жылы 4 наурызда бекітілген Сібір теміржол комитетінің ережесі бойынша қоныстанушыларға темір жол желісі бойындағы алдын ала бөлініп қойылған жерлерге орналасуға рұқсат етілді. Бос жатқан қазыналық жерлерді есепке алу үшін 1893 жылы 13 маусымда үкіметтің рұқсатымен ерекше уақытша межелік жұмыстармен айналысатын партия құрылды. Бұл межелік партия 1893-1895 жылдар аралығында Петропавл уезінде 37 жер учаскесін, Омбы уезінде 20 жер учаскесін қоныстанушыларды орналастыру үшін бөліп берді. Сондай-ақ, Петропавл уезінде 9, ал Омбы уезінде 10 жер учаскесі қосымша қорға алынды. Қоныстанушыларға арналған жер қорының жалпы ауданы 383 695 десятинаға жетті. Алайда, межелік партияның жұмысы мұнымен аяқталып қалмады. Мәселен, Көкшетау уезінде жаңа келгендерді жайғастыру үшін 1895 жылы жалпы ауданы 42 736 десятина жерді құрайтын 8 қоныс аудару және 1 қосымша учаскесі межеленді. 1894 жылдан 1904 жылға дейінгі кезең аралығында Сібірге қоныс аударушылардың шамамен 16%-ы Ақмола облысына жіберілді. 1902 жылы облысқа өз еркімен келген және есепке алынбаған шаруаларды қоныстандыру жалғаса берді. Олардың бір бөлігі шаруа елді мекендерінде, бір бөлігі казак станицалары мен поселкелерде өмір сүрді. Облыс уездері бойынша олар келесі түрде қоныстанған: Омбы уезінде – 1 199 жанұя, 8 056 адам; Петропавл уезінде – 1 360 жанұя, 7 700 адам; Көкшетау уезінде – 1 453 жанұя, 8 007 адам; Атбасар уезінде – 220 жанұя, 1 364 адам; Ақмола уезінде – 358 жанұя, 1 828 адам. Барлығы – 4 590 жанұя, 27 065 адам. Бұл қоныс аударғандардың басым бөлігі мұнда рұқсатсыз ғана емес, кейбіреулері осы жерде тұруға құқық беретін ешбір құжатсыз келді. Мәселен, Көкшетау уезіне қоныстанғандардың көбі қоныстану учаскелеріне орналасу үшін төлқұжат немесе жеке басын куәландыратын өзге құжаттар жеткілікті болған уақытта келген. Олардың XX ғасырдың басына дейін есепке алынбай, өз жағдайларының тиімділігін сақтап қалуын былай түсіндіруге болады: шаруалар қазақтардан азғантай ақыға жерді жалға ала отырып, азаматтық және земдік міндеткерліктерді атқарудан, қазыналық алымдарды төлеуден құтылды. Себебі, олар жаңадан қоныстанған жерінде есепте тұрған жоқ, ал бұрын тіркеуде тұрған жеріндегі мекемелер олардың қазіргі мекені қайда екенінен хабарсыз болды. Бұдан өзге, жалға алынған жерлерде өмір сүре отырып, шаруалар сол жерде тұрақтап қалуды және үкіметтің оларға қоныстану учаскелерін беруіне қол жеткізуді ойластырды. Осындай түрде, мысалы, 1898 жылы Көкшетау уезінде 226 жанұядан тұратын «Самодуровское» селосы пайда болды [11, 6].

1906 жылы облысқа 61 771 адам көшіп келді, бұл жалпы қоныс аударушылардың 30%-н құрады. Ал 1908 жылы облысқа аумағына қоныс аударғандардың саны 140 350 адамға жетті.

1894-1906 жж. аралығында Ақмола облысына қоныстанған шаруалар мен олар құрған елді мекендердің санын келесі кестеден көруге болады:

Кесте 6

Жылдар	Елді мекендер саны	Ерлер саны	Әйелдер саны
1894 жыл	54	20 382	19 213
1895 жыл	87	32 180	29 629
1896 жыл	132	52 583	46 816
1897 жыл	134	59 607	53 642
1898 жыл	138	64 252	58 059
1899 жыл	150	69 857	64 567
1900 жыл	200	83 033	77 057
1901 жыл	206	87 898	81 417
1902 жыл	217	90 613	82 454
1903 жыл	233	96 317	90 303
1904 жыл	248	105 489	98 282
1905 жыл	260	105 938	99 577
1906 жыл	299	122 609	105 435

1905-1907 жылдардағы революцияның қарсаңында және бастапқы кезеңінде Ресейдің еуропалық бөлігіндегі аграрлық толқулар одан сайын өрши түсті. Бұл II Николайдың үкіметін алдыңғы аграрлық саясатты түбегейлі қайта қарастыруға және шаруалар қауымын жою туралы шешім қабылдауға итермеледі. 1906 жылдың 9 қарашасында Министрлер Кеңесінің төрағасы Петр Аркадьевич Столыпин (1906-1911) шаруаларды қауымнан хуторға бөлу туралы үкімін шығарды. Қауымнан шығу шарттарын 1910 жылғы 14 маусымда қабылданған заң шаруалардың қоныс аудару бастамасын құқықтық және материалдық-қаржылық ынталандыру жолымен біржола бекітті. Бұл қабылданған заңнамалар қауымдық жер пайдалануға айтарлықтай ауыр соққы болды және деревнялардың әлеуметтік-экономикалық бөлінуін едәуір тереңдетті.

Жаңа қабылданған аграрлық заңдардың негізінде П.А. Столыпин үкіметі «Қазыналық жерлерге қоныстандыру Ережесін» жасады. Қабылданған нормативтік-құқықтық акттарға сәйкес шаруалар мен жер иеленуші мещандар қауымнан шығуға, өздерінің жер үлестерін сатуға және қоныс аударуға немесе ходоктарды (жер көріп қайтушылар) «Азиялық Ресейге қоныстану үшін қазыналық жерлерді көріп қайтуға» жіберуге құқылы болды [18].

Мемлекеттік саясат кедей шаруалардың империяның шеткі оңтүстік-шығысына қоныс аударуына белсенді көмек көрсетуімен қатар кешенді әкімшілік іс-шаралар өткізуді де өз мойнына алды, яғни, қоныстану жерлерінде тұрақты егін шаруашылығын қалыптастыру үшін жер өңдеу жұмыстарын жүргізді. Бастапқыда қоныс аударған шаруалар өздерінің қоныстарына орналасқаннан кейін отбасындағы адам басына 30 десятинадан жер алды. Бастапқы кезде казактарға жан басына шаққанда 25 десятинадан берілсе, XX ғасырдың басынан 20 десятина жер үлестірілді.

Қоныс аударушыларға жер телімдерін үлестіріп берудің көпжылдық тәжірибесі Қазақстанда жергілікті көшпелі халықтан ең құнарлы жерлерді әкімшіліктің тартып алуымен жүзеге асты. Бұл аграрлық саясаттың негізі өлкенің барлық территориясында мемлекеттік меншік құқығының болуында және уақыт өте келе қазақтар иеленіп отырған жерлерді қоныс аударушы шаруаларға, казактарға және т. б. өзге ұлттың қоныстанушыларына үлестіру үшін кең көлемдегі экспроприациялау (бір топтың жеке меншігінен, бұрынғы әлеуметтік артықшылығынан айырылуы) жүргізілді.

Столыпинның аграрлық реформасының нәтижесінде көшпелі қазақтардан жерлерін тартып алу үрдісі жаппай жүргізілді. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін көшпелі қазақ халқынан 40 млн. десятинадан астам жер тартып алынды, бұл өлкенің жер көлемінің 20%-ын құрады.

XX ғасырдың басында орыс самодержавиясының Қазақстан мен Орталық Азиядағы аграрлық саясаты жаңа қоныс аудару саясатының маңызды ажырамас бөлігіне айналды. Бұл саяси бағыт бірнеше маңызды геостратегиялық мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталды.

Орыс-украин шаруаларын елдің шеткі оңтүстік-шығысына қоныстандыру қажеттігінің маңыздылығы сонда, империяның еуропалық бөлігінде аграрлық қайшылықтардың шешілуі, қазақ жерін мемлекеттік-әкімшілік басқарудың жеңілдеуі, халықтық отарлаудың және аграрлық егіншіліктің, сауда және өнеркәсіптік қатынастардың экономикалық игерілуі ресейлік самодержавияның қоныстандыру саясатын тұтастай айқындайды.

XX ғасырдың алғашқы 15 жылында Ресейдің көптеген қара топырақты губерниялары мен Украинадан Қазақстан жеріне көптеп орыс, украин, татар және неміс шаруалары қоныс аударды. 1912 жылға дейін қоныстанушылардың шыққан басты аудандары Полтава, Курск, Чернигов, Тамбов және Воронеж губерниялары болды. Келесі бірнеше жылдың ішінде Екатеринослав, Полтава, Херсон, Курск, Харьков, Киев, Таврия, Чернигов, Воронеж, Подольск, Бессарабия және Тамбов губерния-ларынан ең көп қоныстанды [11].

Қоныс аудару қозғалысы әр жылда әрқелкі, бірқалыпты болған жоқ. Қоныс аударушылардың көбі Қазақстан жеріне 1908 жылға дейін орнықты. Кейін қоныс аудару қарқыны төмендеді. 1912 жылы Ресейдің оңтүстік-батыс аудандарындағы астықтың шықпай қалуы және ашаршылықтың салдарынан қоныс аудару айтарлықтай өсті, бірақ Бірінші дүниежүзілік соғыс басталғаннан кейін қайтадан азайды.

1897-1916 жылдар аралығында Қазақстанға қоныс аударған 1,14 млн. адамның 731,5 мыңы немесе 47%-ы Ақмола облысы аумағына орналасты [18]

Облыстың әкімшілік және қоныс аудару органдары жерге орналастыру комиссиялары жіберген ходоктарды қабылдаумен және тіркеумен қатар, облысқа түрлі уақытта арнайы берілген рұқсатсыз, төлқұжатпен келген «ерікті» қоныс аударушыларды орналастырумен де айналысты. 1909-1910 жылдары облысқа өз еркімен қоныстанғандардың санын анықтау бойынша жұмыстар жүргізілді. Жиналған мәліметтерге сәйкес, 1909 жылы облыста уақытша тұрып жатқан 56 500 ер адам анықталды, ал 1910 жылғы 20-қазандағы мәліметтер бойынша олардың саны 46 220-ға дейін

азайғаны, яғни, 10 000 адамға жуық кемігені анықталды. Бұдан өзге, аталған уақытта облыс аумағында 637 ходок тұрған [9].

Уақытша тұрып жатқандарды орналастыру үшін 1910 жылы Жерге орналастыру мен егіншілік Бас басқармасы оларға Қиыр Шығысқа баруы үшін ходок куәліктерін беруге рұқсат етті. Бір жыл ішінде мұндай куәліктерге 1 248 жанұя ие болды. Уақытша тұрып жатқан жанұяларды облысқа келу уақыты бойынша қарастырсақ: 1907 жылға дейін 2 250 жанұя, 1907 жылы – 1 768 жанұя, 1908 жылы – 4 296 жанұя, 1909 жылы – 4 647 жанұя, 1910 жылы – 2 341 жанұя болған. Бұл облыстағы «ерікті» қоныс аударушылардың 15 %-ы бес жылдан астам уақытша тұрып жатқанын көрсетті. Өз еркімен қоныс аударушылардың басым бөлігі шаруа мекендерінде жалға алушылар ретінде тұрып, шаруашылықпен айналысты және жер алуға үміттенді. Мұндай шаруалар облысты отарлау мақсаты үшін ең қажет элемент болып табылды: олар қоныстанушылардың арасында тұрып, ауыр жағдайларға төзе білді. Жерді жалға алғаны үшін ақы төлеумен қатар, уақытша тұрып жатқандар, әдетте, мал баққаны үшін, балаларын оқытқаны үшін жергілікті шаруа қауымдастықтары пайдасына салық төледі.

1910 жылы тіркелген қоныс аударушыларға Үкімет тарапынан мынадай көмек көрсетілді: шаруашылық жүргізу, жалпы қажеттіліктері үшін несиелер, азық-түлікке және егістік тұқымына астық, үй салу үшін ағаш кесуге рұқсат беретін тегін билеттер берілді және дәрігерлік көмек көрсетілді. Сол жылы шаруашылық жүргізу үшін 1 430 900 сом 16 тиын көлемінде несие берілді. Қоныс аударушыларға мұндай несиелер 1906, 1907, 1908 және 1909 жылдары да беріліп отырған. Несие көлемі 1909 және 1910 жылдары едәуір ұлғайған, атап айтқанда, 100 сом және одан да көп несие берілген жанұялар саны көбейді. Бұл жағдай шаруашылыққа қажет құралдардың, негізінен, күш-көлік ретінде және сүтін пайдаланатын ірі қара малдың қымбаттауымен түсіндіріледі. Қоныс аударушылар бастапқыда берілген несиенің бір бөлігін азық-түлікке жұмсауға, сондай-ақ қазыналық ормандардан ағаштың тегін берілуін қысқартуға байланысты, үй салу үшін ағаш сатып алуға жұмсады.

Қазына тарапынан тегін бөлінетін ағаш жергілікті жерлерде тым аз болуы себепті, қоныстанушылардың барлығына бірдей берілген жоқ. Ағашты солтүстіктен оңтүстікке жеткізу шаруаларға қымбатқа түсті; облыстың оңтүстігінде орманды жерлер болмады.

Қоныс аударушыларды тіркеу бойынша Челябинск пунктiнiң мәліметтеріне сәйкес, 1913 жылы Ақмола облысына барлығы 45 223 қоныс аударушымен мен ходоктар келген. Осы жылы облысқа қоныс аударушылардың көптеп келуі соңғы екі жылда астық өнімділігінің жақсы болуымен, сондай-ақ олардың тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған бірқатар іс-шаралармен байланысты. Бірақ, 9 373 қоныс аударушы облыс аумағынан басқа аймақтарға көшіп кеткен.

1913 жылы Ақмола облысына 7 488 жанұя, 38 906 қоныс аударушы орналастырылды, олардың 60%-ын облыста уақытша тұрып жатқандар құрады [19]. дұрыс Қысқасы, қазақ даласын заңсыз нормалап, баса көктеп иеленіп алған отарлаушылар бұрын-соңды болмаған қарқынмен талауға кірісті. Сонымен, XIX ғасырдың 2-ші жартысы – XX ғасырдың басында патша өкіметінің Ресейдің ішкі губернияларынан шаруаларды қазақ даласына, оның ішінде Ақмола облысының аумағына қоныс аудартуы отарлау саясатының маңызды бір бөлігі болды. Шаруалардың қоныс аударуы нәтижесінде қазақ қоғамына жағымсыз әсер еткен факторлардың бірі – өлкенің байырғы халқынан үлкен көлемде жердің алынуы, олардың жем-шөбі мен су көздері аз аймақтарға ығыстырылуы болып табылады. Екіншіден, Ресейдің ішкі губернияларынан шаруаларды қоныс аударту арқылы Ресейдегі аграрлық дағдарысты реттеу жүзеге асырыла бастады. Тағы бір салдары – Дала өлкесі халқы саны жағынан көбейгенімен, байырғы халық азшылыққа ұшырап халықтың полиэтникалық және поли-конфессионалдық құрамы қалыптасты.

Қорытынды. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы жылдарын қамтитын қазақ даласын отарлаудың екінші кезеңінде өлкені жаппай отарлау жүзеге асырылып, соның салдарынан көптеген жерлер орталық Ресейден келген қоныс аударушыларға тартып әперілді. Орыстардың қыспағынан шекаралық аймақтарда орналасқан қазақтар туған жерін тастап шетелдерге көшуге мәжбүр болды. Жоқшылық пен азап тауқыметін тартқан көптеген қазақ Сібірге, Моңғолияға, Орта Азияға көшіп кеткен. Ал керісінше жаңадан көшіп келген орыс шаруаларының үлесі 23,1 пайызға өсіп, демографиялық үлкен өзгерістер орын алды. Барлық қоныстанушылардың жартысынан астамы (56,2%), ал санға шаққанда 850 600 қоныстанушы Ақмола облысына көшіп келді [10,73]. 1905-1916 жылдар аралығында қазақтың саны 12,9 пайызға кеміп кетті. Нақтырақ айтқанда: XIX ғасырдың соңында-ақ Ақмола облысында өмір сүрген қазақтар саны 62,6 пайыздан 40,9 пайызға құлдырап кеткен. Бұл көрсеткіш өткен ғасырдың аяғында 32 пайызға жетіп тынды.

Осы орайда, американдық профессор Р.Смал-Стоцкийдің «Ресейлік отарлау саясаты – орыс емес халықтарды ұлт ретінде жоқ қылып жіберу саясаты» деп бағалауы, шындыққа сәйкес келеді.

Нәтижесінде, Ақмола облысы халқының құрамы өзгеріп, байырғы халық қазақтардың үлес сал-мағы төмендеп кетті. Ал ол жердің қазақтардың ата мекені екендігі және байырғы заманнан ақ қазақтардың осы жердің негізгі тұрғындары екендігін, ондағы бүгінгі күнге дейін сақталған жер-су аттарының өзі ақ айқын дәлелдейді. Аса шиеленіскен, қарама-қарсылықтарға толы бүгінгідей геосаяси жағдайда, өкінішке орай, еліміздің ішкі саяси тұрақтылығы мен сыртқы қауіпсіздігіне қауіп төндіретін әртүрлі саяси элементтер бой көтеруде. Осы орайда, қазақтардың этникалық атамекені мен территориялық тұтастығының сақталуына еліміздің Конституциясының кепіл болуымен қатар, қазақ жерін Отаным деп мекендеп отырған әрбір ұлт пен ұлыс өкілі де жауапты болуы керек. Осы орайда, азаматтық бірегейлікті нығайтуды ілгерілетуге ықпал ететін этностардың мемлекеттік тілді тиісті деңгейде үйренуіне қолайлы жағдай жасау, олардың өз тілдері мен дәстүрін дамытуға, еліміздің тарихын терең білуге жағдай жасауды жалғастыру, этносаралық шиеленістер мен қақтығыстарды өршітудегі діни факторларға жол бермей, өркениетті шешуге қол жеткізу, тұрақтылық және этносаралық келісімді нығайтуға мүмкіндік беретін кешенді шараларды жастар арасында жиі өткізу, БАҚ-та, электрондық кеңістікте және басқа да салаларда қазақстандық бірегейлікті нығайту жұмыстарын арттыра түсу қажеттілігі туындайды.

Сонымен қатар, көптеген объективті және субъективті себептермен өздерінің этникалық атамекендерінен кетуге мәжбүр болған қандастарымызды елге қайтару жұмыстары жедел қолға алынса, және олардың жағдайын жасап, солтүстік өңірлерге қоныстандырса, бұл өңірлердегі қазақтардың ұлт ретіндегі этникалық шоғырлануына жағдай туындар еді. Келесі бір жан-жақты қолға алынатын мәселе, елімізде бастау алған «Оңтүстіктен солтүстікке қоныс аудару» бағдарламасын жандандыру. Бұл бағдарлама да жүйелі түрде жүргізілсе, оңтүстіктің халқы тығыз қоныстанған өңірлерінің тұрғындары солтүстік өңірлердің шешімін таппай(саяси, әлеуметтік, экономикалық және т.б.) жатқан проблемаларын шешуге оң әсер етуімен қатар, оңтүстіктен қоныс аударған халықтың да әлеуметтік-экономикалық мәселелері мемлекет тарапынан қолға алынып, дұрыс шешімін табар ма еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Трепавлов В.В. Русские в Евразии XVII-XIX вв. Миграции и социокультурная адаптация в иноэтнической среде. – Москва: 2008. 480 с.*
2. *Мәшімбаев С.М. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. – А., 1994, 120-бет*
3. *Мұқанов М. Қазақ жерінің тарихы. – Алматы, 1994. 80б.*
4. *Қайратұлы Б. Қазақия қалай отарланды? – Алматы, 2016. 400-б.*
5. *Ремнев А.В. Суворова Н.Г. Колонизация азиатской России: имперские и национальные сценарии второй половины XIX – начала XX века. Омск: 2013. 248с.*
6. *Аязан Б.Ф., Ауанасова Ә.М., Сүлейменов А. Қазақстанның жаңа тарихы: Тұрақты Қазақстан. III том. Алматы, 2012. 320 б.*
7. *Қарасаев Ф.М. Алтай өңірі көне заманнан XX ғасыр басына дейін (тарихи-этникалық бағыт). Өскемен, 2010. 490 б.*
8. *Этносы Ақмолинского Приишимья: история и современность. – Астана: «Издательский Дом Ақарман», 2009. 280 с.*
9. *Ерофеева И. В. Столыпинская аграрная реформа и массовое переселение славянского и немецкого крестьянства (1900-1907) // В книге: Масанов Н. Э., Абылхожин Ж. Б., Ерофеева И.В., Алексеенко А. Н., Баратова Г. С. История Казахстана. Народы и культуры. Алматы: «Дайк-Пресс», 2001. – 608 с.*
10. *Памятная книжка Ақмолинской области на 1915 год. Омск: Областная типография, 1915. – 158 с.*
11. *Обзор Ақмолинской области за 1915 год. Омск: Типография Ақмолинского областного правления, 1917. – 142 с.*
12. *Россия. Полное географическое описание нашего Отечества. Том 18. Киргизский край. Санкт-Петербург, 1903. – 488 с.*
13. *Аполлова Н. Г. Присоединение Казахстана к России. Издательство Академии наук Казахской ССР. Алма-Ата, 1948. – 247 с.*

14. Асфендияров С. Қазақстан тарихының очерктері. – Алматы: «Санат», 1994. – 120 б.
15. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. Алматы, 1999.
16. Козыбаев М.К. Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана. – Алматы, «Ғылым». 2006. – 272 с.
17. Обзор Акмолинской области за 1895 год. Омск: Типография Акмолинского областного правления, 1897. – 42 с.
18. Ерофеева И. В. Крестьянские переселения в XIX в. // В книге: Масанов Н. Э., Абылхожин Ж. Б., Ерофеева И. В., Алексеенко А.Н., Баратова Г. С. История Казахстана. Народы и культуры. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2001. – 608 с.
19. Обзор Акмолинской области за 1913 год. Омск: Типография Акмолинского областного правления, 1914. – 140 с.

References:

1. Trepavlov V.V. Russkie v Evrazu XVII-XIX vv. Migratsii i sotsiokulturnaia adaptatsiia v noetnichnoi srede. Moskva: 2008. 480 s.
2. Máshimbaev S.M. Patshalyq Reseidiń otarlyq saiasaty. – A., 1994, 120-bet
3. Muqanov M. Qazaq jeriniń tarihy .Almaty, 1994 . 80b.
4. Qairatuly B. Qazaq qalai otarlandy? Almaty, 2016. 400-b.
5. Remnev A. V., Suvorova N. G. Kolonizatsiia aziatskoi Rossii: imperskie i natsionalnye stsenariu vtoroi poloviny XIX – nachala XX veka. Omsk: 2013.248 s.
6. Ayaǵan B.G., Awanasova A.M., Süleymenov A. Qazaqstannıń jana tarihi: Turaqtı Qazaqstan. [New history of Kazakhstan: Stable Kazakhstan]. III tom. Almatı, 2012.320 p. [in Kazakh].
7. Qarasaev Ğ.M. Altay ömirlikönözamannan XX ǵasırbasınadeyin (tarihi-etnikalıqbaǵıt). [Altai region from ancient times to the beginning of the XX century (historical and ethnic direction)]. Öskemen, 2010.490 p. [in Kazakh].
8. Etnosy Akmolinskogo Priishim'ya: istoriya i sovremennost'. [Ethnoses of the Akmola Priishimya: history and modernity]. Astana: «Izdatel'skiy Dom Akarman», 2009. 280 p. [in Russian].
9. Erofeeva I. v. Stolypin agrarlyq reformasy jáne slaván jáne nemis sharyalarynyń jappai qonys aýdarýy (1900-1907) // Kitapta: N. E. Masanov, J.B. Abylhojin, i. v. Erofeeva, a. n. Alekseenko, g. S. Baratova Qazaqstan tarihy. Halyqtar men Mádenieter. Almaty: "Daik-Pres", 2001. - 608 b.
10. Aqmola oblysynyń 1915 jylǵa arnalǵan estelik kitapshasy. Omby: oblystyq baspahanasy, 1915. – 158 b.
11. Aqmola oblysynyń 1915 jylǵy sholýy. Omby: Aqmola oblystyq basqarmasynyń baspahanasy, 1917. – 142 b.
12. Resei. Bizdiń Otanymyzdyń tolyq geografialyq sıpattamasy. 18 Tom. Qyrǵyz ólkesi. Sankt-Peterbýrg, 1903. – 488 B.
13. Apollova N.G. Qazaqstannyń Resei qosylýy. Qazaq KSR Ğylym Akademiasynyń baspasy. Almaty, 1948. – 247 B.
14. Asfendiarov S. Qazaqstan tarihyńyń ocherkteri. Almaty: "Sanat", 1994. – 120 b.
15. Shonanuly T. Jer taǵdyry – el taǵdyry. Almaty, 1999.
16. Qozybaev M. K. Qazaqstan tarihyńyń ádisnamasy, tarihnamasy jáne derektaný máseleleri. Almaty, "ǒylym". 2006. – 272 b.
17. Aqmola oblysynyń 1895 jylǵy sholýy. Omby: Aqmola oblystyq basqarmasynyń baspahanasy, 1897.- 42 b.
18. Erofeeva I. V. HII ǵasyrdaǵy sharyalardyń qonys aýdarýy // kitapta: N. E. Masanov, J. B. Abylhojin, i. v. Erofeeva, a. n. Alekseenko, g. S. Baratova Qazaqstan tarihy. Halyqtar men Mádenieter. –Almaty: "Daik-Pres", 2001. - 608 b.19.
19. Aqmola oblysynyń 1913 jylǵy sholýy. Omby: Aqmola oblystyq basqarmasynyń baspahanasy, 1914. – 140 b.